

## **Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгерісі туралы шектеулі конвенциясының Киото хаттамасына Қазақстан Республикасының қол қоюы туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1999 жылғы 12 наурыз N 84

Парник газдарының климат жүйесіне қауіпті антропогендік ықпалының алдын алу үшін олардың атмосферада шоғырлануын тұрақтандыру жөніндегі әлемдік қауымдастықтың күш салуына Қазақстан Республикасының қатысуы мақсатында  
қ а у л ы е т е м і н :

1. Киото қаласында 1997 жылғы 11 желтоқсанда қабылданған Біріккен

Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгерісі туралы шектеулі конвенциясының Киото хаттамасына қол қойылсын.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты Өкілі Ақмарал Хайдарқызы Арыстанбековаға Киото қаласында 1997 жылғы 11 желтоқсанда қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгерісі туралы шектеулі конвенциясының Киото хаттамасына қол қоюға уәкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Оқығандар:

(Қасымбеков Б.А.)

(Нарбаев Е.Ә.)